

## **1 дәріс. Кіріспе. Музейдің білім беру қызметі қалыптасуының алғышарттары.**

### **Жоспары:**

1. Музей қызметінің қоғам өміріндегі орны
2. «Музейлік педагогика» термині
3. Музейдің білім беру қызметінің қалыптасуындағы алғышарттар

Музей – ел тарихы, ұлттың мәдениетінен хабар беретін тарихтың қайнар көзі. Музейде сақталған әрбір құндылықтан сол жеке мұра тарихын ғана емес, сол мұраға байланысты кезеңді, оны жасаған халықтың мәдени деңгейін, тарихын көруге болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың: «Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу – Қазақстанда патриотизмді қалыптастырудың, Отанның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің басты шарттарының бірі» – деген сөздері қазіргі отандық музей ісінің бағытын анықтауы керек.

Отандық білім беру және қазіргі қоғам өміріндегі музей ролінің артуына байланысты музей мен білім беру мекемелерінде педагогикалық міндеттерді шеше алатын кәнігі мамандарды дайындаудың өзектілігі артып отыр. Мұндай жағдай тек біз үшін ғана емес, шетелдік музейлер үшін де маңызды болып отыр, себебі қазіргі мәдениет пен қоғам өміріндегі музей ролінің артуы музей қызметкерлерін оқыту және олардың білім беру қызметінің деңгейін көтеру мәселесін туындатып отыр. Себебі, музей – өзін мәдени-тарихи кеңістікте музей заты арқылы ақпаратпен қамтамасыз етіп отыратын ерекше жүйе.

Алайда, бұл музейлердің қазіргі нарықтық кезеңдегі жағдайына ғана байланысты емес, бұл мәселенің себебі тереңде жатыр, яғни, музей қызметкерлерін оқытудағы ескірген тәсілдерді қолдану музей саласына кері әсерін тигізіп отыр. Жоғары оқу орындарының түлектері – олар көбінесе педагогтар, музейтанушылар, өнертанушылар музей жағдайындағы қызметке дайындықсыз келеді, яғни, пәнаралық негіз және концептуалдық түсініктері жоқ, оларда ғылыми және тәжірибелік дағды қалыптаспаған. Әсіресе, бұл келушілермен жұмыс істейтін музей қызметкерлеріне тікелей қатысты болып отыр. Егер қор сақтау жұмысы сақтау және есепке алуға қатысты нормативті нұсқаулықтармен анықталып, жеке тәжірибемен ғана байланысты болса, онда көпшілікпен жұмыс бүгінгі әлеуметтік-мәдени жағдайға жауап беретін психологиялық-педагогикалық дайындықты және жоғары білім деңгейін қажет етеді.

Тіпті, білім беру жүйесінің қызметкерлерінің өзінде де музей педагогикасының негізгі мазмұны туралы толыққанды ұғым қалыптаспаған десек артық айтқандық болмас еді.

«Музейлік педагогика» әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік сұранысы жоғары, дидактикалық үрдісінің айрықша құрылымы және мазмұнының өзіндік ерекшеліктері бар, педагогикалық жүйемен «қатарлас білім» жүйесі ретінде қарастырылып келеді. Музейлік педагогика – музей интеграциясы

(базасы, негізі ретінде), яғни, музейтанудың және педагогикалық ғылымдардың өзара байланысы. Оның негізгі қызметі – мәдени-білім берудің ерекшеліктері мен тарихын, әртүрлі категориялардағы келушілерге ықпал ету әдістерін жүзеге асыру және басқа педагогикалық мекемелердің өзара қарым-қатынасын зерттеу болып табылады. Н.В. Соловьевтің пікірінше, қазіргі музейлік педагогика қызметі музейлік коммуникация мәселесі саласында дамып келеді және оның қызметі музей және оның мәдениетіне көпшілікті (әсіресе жастарды) тарту, тұлғалардың шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған.

Музей жәдігерлерін ұлттық мәдениетіміздің дерегі және жастарды рухани жағынан тәрбиелеу құралы ретінде педагогикалық тұрғыдан қарастыру, отандық ғылымда арнайы ғылыми бағыт ретінде музейлік педагогиканы, оның теориялық-методологиялық негіздерін қалыптастыру бүгінгі күн талабы.

Сондықтан да, халық тарихының табиғи, тарихи деректері сақталған музейлердің педагогикалық қызметін жүйелі түрде қарастыруға сұраныс пен қажеттілік қазіргі қоғамда күн өткен сайын артуда. Сонымен қатар, музей ісіне, оның ішінде музей педагогикасына қатысты қазақ тіліндегі оқулықтар жоқтың қасы. Себебі, тарихымыздағы отарлық кезеңнің, кейіннен кеңестік идеологияның ықпалы мен саясаты аясында қалыптасқан музейлердің, музей қорының қалыптасуы бұрынғы кеңестік мемлекеттерге тән үрдістермен байланысты дамыған еді. Бұл жағдай кеңес дәуірі кезіндегі музей ісінің бір орталықтан бағындырылғаны, музейлік құжаттардың тек орыс тілінде жүргізіліп келгенімен де тығыз байланысты. Сол кезеңдегі музейлік деректерді тарихи тұрғыдан терең зерттеуге жол бермеген саяси құжаттардың қабылдануы, идеологиялық қысым музей ісіндегі ғылыми-педагогикалық ізденістерді шектеді.

**Музейдің білім беру қызметінің қалыптасуындағы алғышарттар.** Алғашқы культтік және материалдық құндылықтардың жинақталған орны ғибадатханалар мен басқарушылардың сарайлары болды. Байлықтың белгісі іспеттес болған мұндай коллекциялар Египет пен Вавилонда аз ғана адамдар үшін белгілі болды. Алайда өнер туындылары антикалық кезеңде байлықтың немесе ерекше талғамның белгісі болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, тәрбие құралы да болып саналды.

Грецияда, кейіннен Римде өнер туындыларының иелері культтік заттар мен құдайлардың мүсіндері сақталған ғибадатханалар болды. Мұндағы діни қызметкерлер өздерінің негізгі қызметтерінен басқа «сақтаушы» және келушілерді заттармен таныстырып, «экскурсовод» жұмысын да атқарды. Жоғарғы құдайларға арналған ғибадатханалармен қатар, гректер Аппалон серіктерінің қасиетті орындары – «мусейондарды» құрды. Сол ерте кезеңде бейнелеу өнері тек кәсіп ретінде ғана қабылданып, оның туындалары «мусикалық» жинақтарға кірмесе де, Фидия, Зевксистің және басқа да антикалық шеберлердің жұмыстарының көркем дәрежесін өз замандастары жоғары бағалады.

Мусейондар философтар, эттар мен музыкантарды ғылыми пікірталастарға жинайтын ежелгі гректердің рухани өмірінің орталығы болды.

Онда сол кездегі өмірдің оқиғаларын, муза-жебеушілер культін көрсететін өнер туындылары жиналды. Олардың ішінде ерекше орынды шығармашылық сайыстардың жеңімпаздарының мүсіндері алды. Біртіндеп «мусейондар» Академияларға, яғни «мусейлерге» айналды.

Ерте кезеңнің ең атақты мусейонын Египеттік Александрияда б.з.д. III ғ., Александр Македонскийге серіктес болған патша Птолемей Сотер құрды. Эллиндік кезеңде адамдар өздерін тамаша бір өткен кезеңнің мұрагерлеріндей сезінді, олар грек мәдениетінің куәсі болған заттарды жинай отырып, Ежелгі Элладаны қапына келтіруге тырысты. Птолемей патшаның шығармалары грек мәдениетінің таралуына өзінің ықпалын тигізді, қазіргі тілмен айтқанда, ол үлкен ғылыми-зерттеу кешені болды. Онда ерекше кітапхана, құнды расытхана, бақ және ботаникалық саябақ болды. Жаратылыстану-ғылыми сипаттағы көптеген коллекциялар бейнелеу өнері туындыларымен безендірілген музалардың қасиетті орындарының айналасында орналасты. Бүгінде Александр мусейонын қазіргі заманғы музейлердің бастамасы болды десек те болады.

Б.э.д II ғ. ортасында Греция мен эллиндік мемлекеттерді Рим жаулап алды, Рим олардың мәдени жетістіктерін тез арада игеріп алды. Алайда, римдіктер грек мұрасын жоғары бағалай білді. Республиканың орнына келген императорлық билік бұл құндылықтарды сән-салтанат пен мансаптың құралына айналдырды, бұл Римде жинақтаумен айналысуды мемлекеттік саясат деңгейіне дейін көтерді. Бір жағынан, бұл жеке мусейлердің дамуына ықпал жасаса, екінші жағынан, көркем шығармаларды жинау қоғамдық сипат алды. Өнер заттары коллекцияларын көпшілікке таныстырудың белсенді жақтаушылары атақты әдебиетшілер Петроний мен Цицерон болды. Өз кезегінде Цезарь, қарауындағылардың тілегін орындау мақсатында, Капитолиде өзінің жеке коллекцияларын көпшілікке көрсетуге арналған арнайы ғимарат салу жөнінде шешім қабылдайды. Кейінірек, Август Капитолидің түбінде орналасқан Келісім ғибадатханасын қалпына келтіріп және онда мүсіндер, суреттер мен әр түрлі көркем бұйымдар коллекцияларын орналастырып, храмды Римнің басты императорлық музейіне айналдыруды ұсынды. Римдік өнегедегі бұндай шаралардың барлығының ағартушылық мәні болды.

Ортағасырларда коллекциялар жинау толығымен христиан мәдениетіне тәуелді болды. Ежелгі антикалық ескерткіштер «кінәлі» болып есептелді және сол себепті жойыла бастады. Сонымен қатар, діни кескіндеме, шіркеу бұйымдары, христиандық жәдігерлер, сәндік-қолданбалы өнер туындылары шіркеулер мен ірі феодалдардың қолында болды. Кейінірек, XIII ғ. соңында, қайта өрлеу дәуірінде Италияда әлемді қабылдау діни догмалардан арылып, қайтадан өнер туындыларына деген қызығушылық туды. XV ғ. қайта өрлеу кезеңінің гуманистері ғылым мен өнерді біріктірген музалар ғибадатханасын өмірге қайта әкелді.

Өнер туындылары және әр түрлі раритеттерді жинау сияқты антикалық дәстүрді жалғастыра отырып, қайта өрлеу кезеңі алдыға бір қадам жасайды, яғни, коллекцияларды жүйелеп, оларды музейге айналдырады. Папа II

Юлийдің және басқа да римдік діни қызметкерлердің жинақтау қызметі тек жеке коллекциялар ғана емес, сондай-ақ, жаңа діни-музей кешенін құруға негіз болды. Бұл жерде айтылып жатқан мәселелер Ватикан туралы болып отыр. Рим орналасқан төбелердің бірінің ежелгі атауы бірнеше ғасырлар бойы рим-католик шіркеуі орталығы және архитектура-музей ансамблімен байланыстырылып келді. Оның құрамына ғибадатханалар мен папа үшін салынған құрылыстар және сансыз музей коллекциялары мен кітапханасы бар папаның жанындағыларға арналған сарайлар кірді. Мұны құруға XVI–XVII ғғ. ұлы шеберлері ат салысты. Сонымен қатар, папа X Лев Рафаэльдің бастамасымен ежелгі аспан астындағы музейге айналдыру мақсатында антикалық Римде қазба жұмыстары жүргізілді.

Қарастырылып отырған кезең жеке коллекция жинау ісінің гүлденуімен ерекшеленеді, бұл үрдіс жалпы музей ісінің дамуына және музей заттары арқылы білім беру міндеттерін шешу үшін оң ықпалын тигізді. Осы жерде Флоренциядағы Медичи банкирлік үйінің қызметін айтуға болады. Бірнеше он жылдықтар бойы жинақталған көркем коллекциялар оның иесінің эстетикалық талғамын ғана көрсетіп қойған жоқ, сонымен қатар, оның байлығының да көрсеткіші болды. Олар Микеланджело, А.Верокио, С.Боттичелли және т.б танымал италияндық шеберлер үшін кәсіптік көркем білім алудың негізі болды. XVI ғ. соңында Мантуедегі герцог Гонзагоның, Мюнхендегі Альбрехт Баварский және Флоренциядағы Медичидің жеке коллекциялары көпшілік қауым үшін ашылды.

1591 ж. суретші Дж.П. Ломаццо өзінің «О музах» (1591) атты трактатында коллекциялар жинаудың дамуына қорытынды жасай келіп, музейдің көпшілікке өнер туындылары және әр түрлі сирек заттарды көрсету орны екенін көрсетеді.

Қайта өрлеу кезеңіне тән қоршаған ортаға деген қызығушылық заттар мен раритеттерді, әсіресе жаратылыстанушылық сипаттағы жәдігерлерді жинауға өз әсерін тигізді. Осы кезде әйгілі болған ғылыми-танымдық бағыттағы әр түрлі табиғи таңғажайыптар жинайтын кабинеттер тек ғалымдар мен университеттердің ғана емес, сонымен қатар, ақсүйектердің де мақтанышы болды. Я.А. Коменский «Orbis Sensulium Nidus (1658)» атты өз еңбегінде бірінші рет осындай коллекциялардың педагогикалық аспектілерінің құндылығын көрсетті. Оқытудың көрнекілігін қолдай отырып, ұлы педагог «музей» терминін, барлық мазмұны танымға бағытталған ғалымның кабинетіндегі дидактикалық кілт ретінде қолданды. Кейіннен мұндай кабинеттер кунсткамералар деп атала бастады, онда кең көлемде өнер туындалары мен жаратылыстану-ғылыми сипаттағы сирек кездесетін заттар жинақталған еді. Жалпы ғылыми білім дамуының аталмыш тенденциясының негізінде Ресейдегі алғашқы жаратылыстанулық ғылыми музей – 1718 ж. I Петрдің бұйрығы бойынша құрылған Санкт-Петербург кунсткамерасын айтуға болады. Осылайша, ол білім беру міндеттерін орындайтын мекемеге айналды.

Сондай-ақ, I Петр көркем коллекцияларды жинауды да бастаған еді. Өз кезегінде Батыс Еуропаға барған сапарларында патшаның өзі де және оның қасындағы сенімді тұлғалар да Петергоф пен Летний сад саябақтарын

безендірген картиналар мен мүсіндерді әкеліп отырды. Кейіннен бұл дәстүрді Эрмитаждың негізін қалаған II Екатерина және т.б ресейлік патшалар жалғастырған еді.

Батыс Европа және Ресейдегі музей ісінің дамуына француз және неміс ағартушыларының идеялары негіз болды. Энциклопедистер Ф.Вольтер, Д.Дидро, Г.Лессинг, И.Гердер, И.Кант, И.Винкельманның гуманистік философиялары өркениеттің құндылықтарын тануға бағытталды, ол өз кезегінде гуманитарлық ғылым мен өнерге деген белсенді қызығушылықты тудырды және оны білу әрбір адамның борышы деп есептелінді. Ағарту кезеңінде бүгінгі күнде өзекті болып оырған музейдің білім беру және әлеуметтік мәдени қызметтері пайда болып, одан әрі дамыды. Мысал ретінде Лондондағы Британ музейі мен Париждегі Лувр музейін атауға болады.

Британ музейі 1753 ж. парламенттің шешімімен ашылған болатын. Оның негізіне Х.Слоун, Р.Коттон, Р.Харли, У.Гамильтон және т.б. жинаушылардың жеке коллекциялары жатты. Оның экспонаттарының басым бөлігін қолжазбалар, археологиялық ескерткіштер, түрлі табиғат таңғажайыптарының экспонаттары құрады. Әсіресе, музейдің кітапханасын ерекше атап айтуға болады. Музейдің ажырамас бір бөлігі ретінде саналған ол бүгінгі күнде де әлемдегі ең ірі кітапханалардың бірі болып саналады. Бас кітапханашының қызметін музей директоры атқарды. Британ музейінің жинақтары оған келушілердің танымын арттырып қана қоймай, сондай-ақ, археология және тарих сияқты ғылым салаларының дамуына ықпал жасады, сондықтан да оны білімдік-ғылыми музей деп толық айтуға болады.

Лувр тарихы әйгілі музейтанушы К.Хадсонның «музейлерде христиандық сияқты, өмір сүріп отырған қоғамның таңбасы бар» деген көзқарасының мысалы бола алады. 1791 ж. 26 мамырдағы Республикалық үкіметтің декреті бойынша Лувр «королдік резиденция, ғылым мен өнер ескерткіштерінің жинағы, халықтық білім беру мекемелерінің бас ғимараты» болып жарияланды. Кейінірек ұлттық Конвент оның «әсем өнердің орталық музейі» деп атауын өзгертеді. 1802 ж. «Наполеон музейі» деп аталып, XIX ғ. ортасында музей есімі король сарайының атымен – Лувр деп аталды.

XIX ғ. музей ісінің қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Әлемнің әйгілі музейлерінің осы кезеңде пайда болуы осының дәлелі бола алады. Қарастырылып отырған ғасырлардың ортасына қарай тарих ғылымының және урбанизацияланған мәдениеттің дамуы, «музей – адамзаттың мәдени тәжірибесін сақтаудың бірден-бір формасы» деген пікірді қалыптастырды. Егер XIX ғ. I жартысында Европада «өнер ғибадатханалары» – көркем музейлердің саны көп болса, өнеркәсіптің дамуы қоғам өмірінде, өнерде, суретшілердің кәсіптік білім алуында ғылымның алатын орнына деген көзқарасты өзгертті.

Өнеркәсіп төңкерісі және қоғамды демократияландырудың нәтижесінде ғасырлар бойы ақсүйектік пен байлықтың белгісі болып келген суреттер мен мүсіндер музейлер иелігіне немесе коллекционерлердің қолына өтті. Сол кезеңнің көркемдік зиялысы адамды қоршаған өмірдің сұлулығының бастапқылығын қолдады, сондықтан да енді коллекция жинаушылардың

назары кескіндеме және мүсіннен көпшілікке тән қолданбалы өнер туындыларына ауды. Адамның өндірістік-тұрмыстық өмірін эстетизациялауға бағытталған бұл ұстанымды Д.Рескин және У.Моррис қолдады. Олар өздерінің теориялық және практикалық қызметінде сұлулық пен ізгіліктің бірлігі идеясын ұстанды және техникалық прогреске қарсы болып, халықтық кәсіп пен дәстүрлі қол ебегінің туындыларын жақтады.

Көркем қызметте қолданылатын материалдың бастапқы әдемілігіне ерекше назар аудара отырып, Д.Рискин мен У.Моррис қоршаған ортаны эстетикалық ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін ұсынды. Сол кезеңдегі эстетикалық ойдың аталған өкілдерінің идеялары 1852 ж. Лондонда ашылған «өнер библиясына» бағытталған музейінде біртіндеп іске аса бастады. Музей келесі мақсаттарды анықтайды:

- өнерді қоғамның барлық тобының өкілдеріне тарату;
- жалпы көркем білімнің дәрежесін көтеру;
- индустриалды өнер сапасын жақсарту.

Оңтүстік-Кенсингтон музейі өзінің басты міндеті – қолөнершінің қолынан шыққан күнделікті тұрмыста қолданатын заттар арқылы адам өмірін жақсартуға ықпал ету деп түсінді, сондықтан да өз жинағындағы заттардың үлгісі бойынша заттарды жасауға оқытуды қолға алды. 1880 жж. музейде мектеп мұғалімдерінің арасында бір-біріне ықпал ету қызметі ұйымдастырылған еді, оның мақсаты ғылыми-техникалық және көркем тәрбие, білім беру жағынан оқушыларды оқытуда мұғалімдердің бірігіп жұмыс істеуін ұйымдастыру болды. Қоғамның барлық топтарына барынша әсер ету үшін музей мен мектепті біріктіре отырып, оның бірінші директоры Г. Коль музейдің білім беру мәнін алғашқы болып көргендердің бірі болды, оның «музей мен галереялар білім беру мақсаттарын алдына қоймағанша, олар іш пыстырар, пайдасыз мекемелер болып қала береді» – деген сөзі осының дәлелі. Г. Кольдің бұл ұстанымының мектеп оқушылары мен студенттер үшін зор маңызы болды, музейдегі білім берудің жаңа үлгісін қалыптастырды.

Қорыта айтқанда, Англияда тұңғыш рет музейдегі білім беру функциясы идеология және қолөнершілерді оқыту шеңберінде жүргізілді. Бірінші рет әлемдік тәжірибеде музейдің мектептегі оқу-тәрбие жұмысына ықпал етуін дамыту мақсатында орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс орталықтары ашылды.